



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне кейс-менеджмент
стандарттарын енгізу мәселелері»**

**атты on-line ғылыми-тәжірибелік конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

On-line научной конференции

**«Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в
практику социальной работы»**

PROCEEDINGS

On-line Scientific Conference

for students and young scholars

**«Issues of implementation of standards and case
management in social work experience»**

2019 жыл 11 сәуір

Нұр-Сұлтан

УДК 364

ББК 65.272

Ә 53

«Әлеуметтік жұмыс тәжірибіесіне кейс-менеджмент стандарттарын енгізу мәселелері» On-line ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Международная научно-практическая On-line конференция: «Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы»

On-line scientific-practical conference on «Issues of implementation of standards and case management in social work experience». <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2019. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

В сборнике представлены доклады преподавателей, магистрантов, докторантов, молодых ученых и студентов по актуальным вопросам профессиональной подготовки обучающихся по социальной работе в аспекте проблем внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы.

Для преподавателей и студентов по направлению подготовки «Социальная работа», практиков социальной защиты, а также всех интересующихся современными проблемами подготовки кадров высшей школы.

Редакционная коллегия:

Отар Эльмира Сәкенқызы - доктор PhD, и.о.доцента, заведующий кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Урузбаева Гаухар Тлеубердыевна - к.пед.н., доцент, и.о.профессора кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Есимова Динара Габиболлаевна - доктор PhD, и.о.доцента кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исаханова Асель Алимахановна - доктор PhD, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исахова Гулазия Дуйсенхановна – магистр, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Досмурзаева Динара Онгаровна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Манжугулова Айгерим Ерлановна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Капин Батина -магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Аубакирова Аягыз Каиртайевна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Шанбаева Гульназ Нурдыгуловна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша ОӘБ РОӘЖ. УМО РУМС по специальности «Социальная работа» . 6В10-7М10-7R10-8D09 Здравоохранение и социальное обеспечение (Медицина). 102- Социальное обеспечение.

МАЗМҰН

1. **Умирзакова М.А., Бауыржан С.**
Өмірдің қиын жағдайына түскен отбасы балаларына әлеуметтік қызмет көрсету5
2. **Зәкіртай Ұ.Н.**
Әлеуметтік мекемелердегі қарттардың тынығу ерекшеліктері.....9
3. **Кажығалиева А.Б.**
Балаларға арналған сенім телефоны әлеуметтік жұмыстың формасы ретінде.....13
4. **Қалдышева Т.Ж., Абдрашева Б.Ж., Сәрсен А.С.**
Халықтың осал топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуының алдын-алу бағдарламаларын жүзеге асыратын мекемелердегі әлеуметтік жұмыстың кейс-менеджменті.....19
5. **Қуатова А.С.**
Еріктілер қызметі қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған қызмет ретінде.....24
6. **Нұрғабден Б.М.**
Әлеуметтік қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын құқықтық қатынастар негізінде жетілдіру қажеттілігі: ғылыми контекст.....30
7. **Умирзакова М.А.**
Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда отбаслық бизнесті дамыту жолдары.....35
8. **Абетова З.Т.**
Инновации в образовании: социальные ожидания, установки студенческой молодежи.....42
9. **Асет Л.Е.**
Кейс-менеджмент на уровне первичной медико санитарной помощи.....50
10. **Әбдікерова Г.О.**
Әлеуметтік жұмыстың медико-әлеуметтік аспектілері.....54
11. **Уашева А. К., Құрақ Б. Ә.**
Психикалық денсаулығында ауытқушылықтары бар адамдарды әлеуметтік-психологиялық оналту.....60

12. Асет Л.Е. Неблагополученная семья и проблемы внутрисемейных отношений.....	67
13. Әлмұрат Д.Қ. Интернеттің жастар психологиясына және өмір сүру салтына әсерін анықтау.....	80
14. Байғабылов Н.О.; Мұсабаева А.Б. Репатрианттармен әлеуметтік жұмыс жасау қажеттілігі бүгінгі күні талабы.....	86
15. Берикболова У.Д. Дисфункционалды отбасы: пайда болу себептері, ерекшеліктері, әлеуметтік қорғау шаралары.....	91
16. Жандуллаев Ж. Т., Кәмен Д. Қ. Әлеуметтік геронтология әлеуметтік жұмыстың бір бағыты ретінде.....	98
17. Жұмабек С. Қалалық көше жарнамасындағы мәселелерді және оны шешу шараларын талдау.....	102
18. Коняхина А.А. Профликатика социального сиротства: основные подходы.....	106
19. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Сатаева С.Х. Модель технологии кейс-менеджмента в работе с лицами, страдающими от ожирения.....	111
20. Урузбаева Г.Т.; Карим Ж.; Аубакирова А.К. Учебно-методические основы обучения анализу кейс студентов будущих социальных работников.....	117
21. Шингизбаева М. Н. Балама жазалардың түрлері заңнаманы ізгілендіру тәсілі ретінде... ..	122
22. Смагамбет. Б.Ж. Қамқорлық – заманауи әлеуметтанудың объектісі.....	127
23. Исахова Г.Д. Қазақстандағы ажырасудың әлеуметтік экономикалық салдары: балаларға алимент төлеу бойынша мәселелер.....	131
24. Исаханова А.А., Даулетова Д.М. Социальная реклама в современных реалиях.....	136
25. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Аралбай А.А. Технология CASE WORK как исследование идентификации клиента.....	140
26. Аширбаева Ф.М. Қазіргі заманғы көші қон мәселелері.....	145
27. Отар Э.С. Адаптация среднего класса Казахстана к постсоциалистической действительности.....	150

		не справляются с возложенными на нее обязанностями. Процесс воспитания в таких семьях протекает медленно трудно, мало результативно, медленно.
--	--	--

Семейное неблагополучие на данный момент является острой проблемой, которая отрицательно влияет на формирование личности ребенка, нарушая его права.

Неблагополучные семьи, как правило, не решают самостоятельно свои проблемы по воспитанию детей. Им требуется квалифицированная помощь специалистов, таких как психолог, педагог, социальный педагог. Неблагополучные семьи нуждаются в поддержке разных специалистов, а для этого требуется разработка новых социальных программ, целью которых является предотвращение социального сиротства, бродяжничества, беспризорности.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Галагузова, М. А. Социальная педагогика: курс лекций: учебное пособие для вузов / М. А. Галагузова [и др.]; под ред. М. А. Галагузовой.— Москва: Владос, 2006.— 416 с.: ил. — (Учебное пособие для вузов).— Библиогр.: с. 411–416.— Библиогр. в конце разд. — ISBN 5–691–00372–0. 2.
2. Мудрик, А. В. Социальная педагогика: учебник для вузов / А. В. Мудрик.— 7-е изд., испр. и доп. — Москва: Академия, 2009.— 224 с. — (Высшее профессиональное образование, Педагогические специальности).— Библиогр. в конце гл. — ISBN 978–5–7695–5866–5.
3. Рожков, М. И. Воспитание трудного ребёнка. Дети с девиантным поведением: учебно-методическое пособие / под ред. М. И. Рожков.— Москва: Владос, 2006.— 239 с.: табл.— (Коррекционная педагогика).— Библиогр.: с. 231–236.— ISBN 5–691–00588–X.
4. Целуйко, В. М. Психология современной семьи: книга для педагогов и родителей / В. М. Целуйко.— Москва: Владос, 2006.— 287 с.: ил. — (Психология для всех).— Библиогр.: с. 282–285.— ISBN 5–691–010832.

ИНТЕРНЕТТІҢ ЖАСТАР ПСИХОЛОГИЯСЫНА ЖӘНЕ ӨМІР СҮРУ САЛТЫНА ӘСЕРІН АНЫҚТАУ

Әлмұрат Д.Қ.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Әлеуметтік жұмыс 2-курс магистранты


Есимова Д.Г. ғылыми жетекшілігімен

Бұқаралық ақпарат құралдары елде болып жатқан жағдайларды ғана емес, сонымен бірге жастардың дүниетанымын да қалыптастыруға ықпал етеді. Жастардың денсаулығына зиян келтіруге қабілетті ақпарат деп суицид жасау тәсілдері, есірткі қолдану және оны сатып алу орны, экстремистік контент, құмар ойындары, ұлтшылдық символиканы насихаттау туралы ақпаратты жатқызуға болады. Бұл өз кезегінде бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық сананы манипуляциялау үдерісінің артып отырғанын, оның салдары негізгі құндылық бағдардың өзгеруі болып отырғанын көрсетуде.

«Виртуалдық» әлем адамдардың қосымша іс-әрекет еркіндігін және шынайы өмірде шектелетін сезім, ой, эмоцияны көрсете алуына мүмкіндік береді. Қоршаған адамдармен күнделікті араласуда елеулі проблемалары бар жасық, ұялшақ адам желілік араласуда толықтай ашылу мүмкіндігіне ие болып жатады. Бұл ретте жастар теріс әлеуметтік салдарға қабілетті топтың ықпалына жеңіл түсіп қалу қаупі жоғары. Себебі еш қиындықсыз, интернет желісінен суицид, басқа да азғындық түрлері сияқты сайттарды, әлеуметтік топтарды табуға болады. Заманауи бұқаралық ақпарат құралдарының жастарға ықпал ету фактісі бүгінде ерекше алаңдаушылық туғызып отыр. Бұл ықпалдың көп жағдайда теріс екеніне ешкім дау тудырмайды. Өйткені, бұл тиісті зерттеулермен, тұтастай қоғамдағы жағдайлармен расталуда.

Қоғамды шарпыған зорлық-зомбылық толқыны, агрессияның артуы, дәстүрлі жалпы адамдық құндылықтардың әлсіреуі, жастарда адамгершілік бағдардың, сезімталдықтың төмендеуі – осының барлығы бұқаралық коммуникация құралдарының қазіргі жағдайына байланысты десек, артық айтқандық емес. Психикасы орнықсыз жастар деструктивті сипаттағы сайттарға кіргенде, онда насихатталатын көзқарастардың ықпалына белсенді қатысып, оны өзінің күнделікті өміріне айналдыруда.

Интернет ықпалының психологиялық-педагогикалық проблемалары, жасөспірімдердің жеке тұлға ретінде қалыптасуын зерделеу мақсатында 14-17 жас аралығындағы жастардан (8-11 сынып оқушылары) сауалнама жүргізілді. Жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың 100% дерлік барлығы да Интернетті қолданады, көп жағдайда Интернетке мобильді телефон арқылы шығады екен: 14 жас- 89,7%, 15 жас-83,6%, 16 жас-87%, 17 жас-94,7%. (1-сурет)



1-сурет. Интернетке мобильді құрылғы бойынша шығу көрсеткіші

Интернет те, жаһандану да адамзат дамуының айнымас нышаны, сол себепті одан бас тартып, кері кете алмаймыз. Заманның ағымымен өсіп келе жатқан қазіргі жастардың өмірі тікелей интернетпен байланысты болуда. Бұл күнде интернет желісін тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 2,4 млрд адамнан асыпты. Бұл — жер шарын мекендейтін халықтың үштен бір бөлігінен астамы интернет қызметіне жүгінеді деген сөз. [1; 17-35 б].

Орташа алғанда Интернетте күніне қанша уақыт өткізесіз деген сұраққа, оқушылар төмендегідей жауап берді:

1-кесте. Интернетте күніне қанша уақыт отырасыз?

Интернетте күніне қанша уақыт отырасыз?	1 сағатқа дейін	1-3 сағат	4-6 сағат	7-9 сағат	10-12 сағат	12 сағаттан асады
14 жас	14,6%	35%	36%	11%	3%	1,3%
15 жас	12%	29%	30,5%	15,3%	1,7%	3,4%
16 жас	15,3%	30,7%	23%	23%	3,8%	-
17 жас	-	26,3%	47,3%	21%	-	5,2%

Ақпарат тасқынының қарқыны күн санап өсіп келеді. Интернет желісінде қандай ақпарат көбірек қызықтырады, деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі ақпараттық ресурстар деп жауап берді.

2-кесте. Интернет желісінде қандай ақпарат көбірек қызықтырады?

Интернет желісінде қандай ақпарат көбірек қызықтырады?	Қоғамдық-саяси ресурстар	Ақпараттық ресурстар	Әлеуметтік ресурстар	Ойын-сауық ресурстары	Саудасаттық ресурстар
14 жас	9,8%	43,6%	21,1%	18,3%	7%
15 жас	12%	38,9%	18,6%	22%	8,5%
16 жас	23,3%	46,6%	16,6%	10%	3,3%
17 жас	20,8%	20,8%	16,6%	25%	16,6%

Жастарға медиа ықпалдың оң да, теріс те әсерлері бар, қазір қоғамдағы олардың ақылға қонымсыз мінез-құлқынан көрінетін бұқаралық ақпарат құралдарының теріс ықпалы туралы көбірек айтылып жүр. Бірінші кезекте, жас буынды салауатты өмір салтына, жоғары зияткерлік әлеует, ізгі ғибраттылық тереңдігіне бағыттау қажет. Интернеттен қандай жанрдағы видео тамашалайсыз дегенде, оқушылардың берген жауабы төмендегідей болды:

3-кесте. Интернеттен қандай жанрдағы видео тамашалайсыз?

Интернеттен қандай жанрдағы видео тамашалайсыз?	Қызықты, қысқа видеолар	Оқу-танымдық сипаттағы видеолар	Тағамдардың рецепті туралы видеолар	Спорттық жаттығулар бойынша видеолар	Діни бағыттағы және атысшабысы көп видеолар
14 жас	47,4%	10,2%	11,5%	28,2%	2,5%
15 жас	55,5%	9,5%	11,1%	19%	4,7%
16 жас	41,6%	22,2%	19,4%	11,1%	5,5%

17 жас	61,9%	14,2%	19%	4,7%	-
---------------	-------	-------	-----	------	---

Елімізде жастар арасында әлеуметтік желілер кеңінен таралған. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың арасындағы ең танымалы – «ВКонтакте» желісі болып отыр. П.Дуровтың ойлап тапқан виртуалды әлемі жастардың екінші «үйіне» айналып кетті. Себебі бәрі осында. Бір-бірімен сөйлесу, танысу секілді дүниелер көп.

4-кесте. Қандай әлеуметтік желілердің, интернет-коммуникациялардың қызметін пайдаланасыз?

Қандай әлеуметтік желілердің, интернет-коммуникациялардың қызметін пайдаланасыз?	Facebook	YouTube	ВКонтакте	Skype	Telegram	Instagram
14 жас	3%	38,3%	42,4%	3%	-	13,1%
15 жас	2,2%	34,8%	43,8%	1,1%	3,4%	11,2%
16 жас	-	25%	44,2%	-	11,5%	11,5%
17 жас	8,1%	13,5%	40,5%	-	5,4%	27%

«ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі ең көп оқылатын және жастарға ұнайтыны қысқа да нұсқа фразалар жиынтығы екені анықталды. Адамға мотивация беруге арналған және өлімге итеруге бастайтын фразалар да өріп жүр. Ол жердегі грамматикалық қателіктер мен белгілі бір ереже-қағидаға сүйенбей, тілді шұбарлап, пікір қалдыратын жастардың үлесі зор.[2].

Жастардың жаңа мүмкіншіліктерді пайдалана алуы ең алдымен өзіне тікелей байланысты екендігі анық. Дегенмен, онда мемлекеттің де қоғамның да үлесі бар. Жастар ақпараттық қолдау жеткілікті әрі барлық жағдай жасалған кезде өзінің үздіксіз білім алуын жемісті жүзеге асыра алады. Ал, олардың медиалық тәлім-тәрбиесі саналы болуына қалай қол жеткізуге болады десек, тек медиаконтентті тұтынып қана қоймай, сонымен бірге оны сыни бағалауды үйренуі тиіс, медиақпаратты шығармашылық тұрғыда пайдаланушыға айналуы қажет. Ал ол үшін оған сәйкесінше медиа білім беру керек әрі мұны мектеп кезінен қолға алған дұрыс. Балалар мәліметтер алу, медиаконтент шығару, олармен алмасу үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалана білгені жөн. Ең

бастысы, оңтайлы таңдау, тану әрі кей жағдайда агрессивті не болмаса қауіпті сипаттағы медиаконтентті сыни бағалай алуы керек. Мәселен, Ұлыбританияда медиа білім беру саласындағы педагогикалық стратегияға сәйкес педагогтер ең алдымен медиа арқылы адамның жеке тұлғасын дамытуға, шығармашылық әрі коммуникативтік қабілетін, сонымен бірге сыни ойлай білуін, түсінуін, медиамәтінді сараптап, бағалай алуын қалыптастыруға баса назар аударылады. Оны негізгі пәндермен бірге, сондай-ақ жастар орталықтарында дербес оқытуға да болады.[3; 36-48 б].

Компьютерлік ойындарды оқушылардың 90%-ы ойнайды. Орташа ойнау уақыты 5 сағат. Компьютерлік ойынға тұрақты аңсары ауатынын 15% оқушы хабарлады. Оның ішінде 22%-ы лаңкестік және зорлық-зомбылық араласқан ойындарды жақсы көреді.

Тұжырымдар: Көптеген мектеп оқушылары интернетпен жұмыс істеу нормасын білмейді. Компьютерде, мобильді телефонда ұзақ уақыттарын өткізіп, өз денсаулықтарына дұрыс қарамайды, бұл түрлі, оның ішінде психикалық аурулардың туындауына алып келеді.

Оқушыларда (жасөспірімдерде) БАҚ-ты дұрыс пайдалануды қалыптастыру мақсатында оның адам денсаулығы үшін пайдасы мен қауіпі туралы тәрбие сағаттарына арналған тақырыптар іріктелінді.

Сынып сағаттарын өткізу дәріс-әңгімелесу, пікірталас, таныстырылым мен фильмдер көрсету сияқты әдістерді қолдануға болады.

Оқушылармен әңгімелесудің тақырыптық жоспары

№	Тақырыптың атауы	Нысандары мен әдістері
	Балалар және телевизиялық экран	Әңгімелесу, пікірталас
	Компьютер және оқушының денсаулығы	Дәріс-әңгімелесу
	Балаларымыз қандай ойын ойнайды?	пікірталас
	Компьютерлік ойындар және Интернет-тәуелділік	Әңгімелесу, пікірталас
	Интернет есірткі тәрізді	Әңгімелесу, пікірталас
	Виртуалды агрессия	Видеофильм, пікірталас

Еліміздің әрі қарай дамуы тікелей жастарға байланысты болғандықтан, жастардың рухани деңгейі мен сауаттылығына баса мән беру маңызды. Біз қазірден БАҚ-тың жастарға ықпалы проблемасына көңіл аударып, теріс ақпараттың ықпалын азайту тәсілдерін зерделеуіміз қажет. Әйтпегенде біздің ескелең ұрпақтың өмірлік ұстанымдары дұрыс қалыптаспай, олардың өмір

сүру салты көңіл қуантарлықтай болмайды. Жастардың бойында бірінші кезекте салауатты өмір салты, жоғары зияткерлік әлеует, мейірімділік, адамгершілік қалыптасуы тиіс. Сонымен бірге, интернет желісін қажетіне қарай, шамамен пайдалана білу мәдениетін қалыптастыру да көп ойланатын дүние.[4; 25-29 б].

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есенова Р. К., Аяпберген А. Ғаламтордың жастар психологиясына әсерінің себептерін анықтау және оны шешудің кейбір жолдары /2015. — №1.1. — С. 100-101.
2. <http://alashainasy.kz/>
3. Белинская Е., Жичкина А. Современные исследования виртуальной коммуникации: проблемы, гипотезы, результаты. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004.
4. Смагулов Е. Ж. Медиа білім берудің педагогикалық негіздері // Молодой ученый. — 2016. — №5.2. — С. 9-10. (moluch.ru/archive/109/26699/)

РЕПАТРИАНТТАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖАСАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ - БҮГІНГІ КҮН ТАЛАБЫ

Байғабылов Н.О.

постдокторат, Гази университеті,
әлеуметтану кафедрасы, PhD
Түркия, Анкара

Мұсабаева А.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Әлеуметтану кафедрасының докторанты
Қазақстан, Нұр-Сұлтан

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев шетелдегі барлық қазақтарға өздерінің тарихи